


**Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы институт  
Институт имени академика У.А. Джолдасбекова  
Institute of the academician Dzholdasbekov U.A.**



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕМДІК БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ  
ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ДАМУ БАҒЫТТАРЫ, ПРОБЛЕМАЛАРЫ  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСТАНА В МИРОВУЮ СИСТЕМУ  
ОБРАЗОВАНИЯ: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ, ПРОБЛЕМЫ И  
ПУТИ ИХ ПРЕОДОЛЕНИЯ**

**МАТЕРИАЛЫ ВТОРОЙ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-  
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

**KAZAKHSTAN INTERGRATION TO THE WORLD  
EDUCATION SYSTEM: DEVELOPMENT PERSPECTIVES,  
PROBLEMS AND WAYS OF THEIR SOLUTION**

**THE MATERIALS OF THE SECOND INTERNATIONAL  
SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE**

**ТОМ I**

**Талдықорган 2007**

УДК 37.01  
К-29

Рекомендовано к изданию Ученым советом Института имени академика У.А.Джолдасбекова (протокол № 6 от 22.02.2007г.).

**Рецензенты:** кандидат филологических наук, доцент Алимов А.К.  
кандидат экономических наук Кудайбергенов Т.К.

**Ответственный редактор:** кандидат исторических наук Ем Н.Б.

ISBN № 9965-9785-3-1

Интеграция Казахстана в мировую систему образования: перспективы развития, проблемы и пути их преодоления. Материалы Второй Международной научно-практической конференции. Т.1 – Талдыкорган. – 2007. -274с.

ISBN № 9965-9785-3-1

В сборник включены материалы Второй Международной научно-практической конференции «Интеграция Казахстана в мировую систему образования: перспективы развития, проблемы и пути их преодоления», прошедшей 26 апреля 2007г. в Институте имени академика У.А.Джолдасбекова. В конференции принимали участие ученые из Казахстана, России, Узбекистана, Кыргызстана, Норвегии, Великобритании, Южной Кореи.

В публикуемых научных статьях рассматриваются актуальные проблемы процесса интеграции Казахстана в мировую образовательную систему.

В первый том сборника вошли результаты исследований секций: Национальные стратегии развития высшего образования: модернизация, региональная интеграция и вызовы глобализации и Экономическое развитие Казахстана в условиях современной интеграции и глобализации

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Ж.С. Жазылбаева**

**Жолдасбеков атындағы институт  
Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы**

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Біз жеткіншек ұрпағымызды бос белбеу тіршілікке емес, басқалармен бірдей бағын сынайтын нар тәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым» - деген сөзін басшылыққа ала отырып, негізгі мақсат: білім жүйесін дамыту, ұлттық шаруашылықты басқара алатын жастарымызды тәрбиелеу, білім беруді нарық талаптарына сай өркендету. Осы айтылған мәселелерді жүзеге асыруда аса маңызды, қоғамның белсенді өкілі, жетекші тұлға – оқытушы. Елбасымыз оқытушыларға халқымыздың ең қымбатты, қадірлі келешегі – жастарымызды баянды біліммен қаруландыруды, мінез-құлқын қалыптастыруды үлкен сеніммен тапсырып отыр.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде күнделікті іс-тәжірибелер, орта және жоғары мектептердегі оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өмірдің қойып отырған талаптарына сай келе бермейтіндігі кім-кімге де белгілі.

Оқытудың жаңа мазмұнын анықтау «студенттерге нені оқыту керек» деген педагогика ғылымының басты мәселесіне келіп тірелетіні аян. Бұрын, әсіресе, баспасөз беттерінде, көбінесе оқытудың жаңа әдістері мен үлгілері туралы талқылағанда, оқу орындарында оқытудың мазмұнына қатысты мәселелер шеттеп қалды. Тек соңғы жылдары ғана мектепте жалпыға бірдей білім берудің негізін құру және оны іске асыру үшін қажетті әрекеттер жасалуда. Ал, жоғары оқу орындарында студенттерді оқытудың әлі де болса, жаңа әлеуметтік-экономикалық талаптарға сәйкес келетін мазмұнын анықтау мәселесі өз мәнінде ескерілмей келеді. Бұл студенттерге орынсыз көп міндет жүктеуге, оқу бағдарламаларын жиі-жиі өзгертуге соқтырып отыр. Тек соңғы жылдары ғана жоғары оқу орындарын екі

немесе көп сатылы оқыту жүйесіне көшіруге әрекет жасалуда. Демек, нарықтық экономика жағдайында жемісті еңбек етуге қабілеті бар мамандарды даярлауда оқытудың қажетті жаңа мазмұнын анықтау және оны қалыптастыру мәселесі өзінен-өзі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың кәсіптік білімін жоғары деңгейге көтерумен қатар, студенттердің жан-жақты білімдері мен біліктіліктерін, логикалық ойлау дағдыларын тиімді пайдалану шеберліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың білімдерін үнемі жаңартып отыруға баулу жұмыстарын жүргізу қажет[1].

Білім беру мазмұнының педагогикалық теориясын оқу үрдісі барысында, оқытушының күнделікті сабақ беруге дайындығы кезінде, оқытуға қажетті тақырыптың мазмұнын анықтап құруда технологиялық үрдіспен ұштастыру табиғи қажеттілік болып табылады. Бұл аталған міндет, мәселелерді рет-ретімен әр түрлі деңгейлерде шешу, студенттерге білім беруге бөлінген уақытты үнемдеу, олардың гигиеналық, физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескеру оқытушының сабақ беру шеберлігіне тікелей байланысты.

Оқыту процесіндегі жаңа технологияларды қолдану мәселесінде оқыту және тәрбиелік функцияларын орындап қана қоймай, сонымен қатар, студенттердің күрделі, кешенді ғылыми-өндірістік, әлеуметтік-психологиялық білімдері мен дағдыларын керек ететін мүмкіндіктерін қайта құруға көмегі бар сапалық қасиеттерін қалыптастыратындай оқу процесінің жүйелі деңгейін көтеруге мүмкіндік туғызады.

Еліміздің экономикалық, әлеуметтік-мәдени саласы өскен сайын, қоғам дамуының барлық саласындағы болып жатқан өзгерістерге сай білім беру саласы да өзгеріп, жаңару үстінде. Осы орайда, білім ордасының табалдырығын жаңа ғана аттаған жас бүлдіршіндердің дүниетанымын қалыптастыру, жеке тұлға ретіндегі қасиеттерін шыңдап, тәрбиелеу барысында білім сатысының орны ерекше екені айтпасақ та белгілі. Дегенмен, бүгінгі дәстүрлі білім жүйесі өзінің айтарлықтай нәтижелілігіне қарамастан, қоғамның өте жылдам, тез қарқынмен өзгеріп жатқан үрдістерінің аясында дағдарысқа ұшырап қалатыны да рас. Бұрынғы қолданыста жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтар оқытудың негізгі мәні адам тәрбиесі, жеке тұлғаның қалыптасуы екеніне жете көңіл бөлмегенін де енді аңғарып отырмыз. Себебі, дәл қазіргі уақыт, ең алдымен, адамның ақыл-ойы мен қабілетіне қойылар талапты өте күшейтіп жіберді. Білімі таяз адамдар бұдан былай өмір ағымына ілесе алмайтынын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр. Ендеше бұдан шығар қорытынды: мектепке оқушының жеке тұлға ретінде дамуы мен тәрбиеленуіне тікелей ықпалы тиетін жаңаша көзқарастарды батыл енгізу қажет. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» да айқын көрсетілген: ... Білім беру жүйесінің басты мақсаты-ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау».

Оқытушы мына қағидаларды үнемі назарда ұстағаны жөн:

1. Студенттің бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген талаптарын, сұраныс пен мұқтаждықтарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.
2. Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау.
3. «Өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру»[2]

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың, бағалаудың жүйелі әдісі адамдардың технологиялық ресурстарды, білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етудің негізі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар көбейе түсуде. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық басқа да көптеген адам келбетінің қалыптасуына әсер етеді. Бұл технологияның өзін мұғалім орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді. Сонымен бірге оқушының әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады[3].

Педагогикалық технология – бұл тиімді оқыту жүйесін құрумен айналысатын жаңа бағыт. Оқу технологиясын таңдап, іріктеу – оқушының оқу танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны оқыту үрдісінде төменгі технологияларды қолдануға болады:

1. Дидактикалық қағидаларды, ұстанымдарды, әдістерді, құрал-форма, амал-тәсілдерді және т.б. таңдау технологиясы;
2. ЭВМ-ді пайдаланып оқыту технологиясы;
3. Саралап оқыту технологиясы

Оқытуда көбінесе қолданылатын әдістерге тоқталайық:

1. Проблемалық оқыту. Бұл әдісті «Махмудовтың проблемалық әдісі» деп те атайды. Бұл әдіс күнделікті сабақта қолданылады. Тақырып бойынша оқушыға сұрақ беру, жаңа сабаққа ойын аудару, осыдан келіп сабақтың соңында эвристикалық әдіс қолданылады, яғни оқушының өзіне ереже шығарту, сабақты қорыту.

2. Екінші оқыту әдісі – студенттерді бір-біріне үйрету, бірінің білім деңгейін біріне бағалату, яғни студенттерді өзара байланыстыру.

3. Үшінші әдіс – жаңа сабақ мазмұнынан бір сюжетті оқып беру, тақырыпты жасырын ұстау арқылы студенттің назарын сабаққа аудару.

4. Көп деңгейлі тапсырма беру әдісі.

5. Студенттің қабілетіне байланысты жалпылама да, жеке де жүргізуге болатын әдістің түрі.

6. Жеке оқыту әдісі - әр оқушыға жеке келу арқылы оқу үрдісін ұйымдастыру. Бұл технологиямен жұмыс жасау кезінде оқушының жеке ерекшелігі мен туа біткен қабілеті ескеріледі.

7. Жаңа педагогикалық технологияларда өзін-өзі ақтаған жаңа әдістердің бірі – саралап оқыту.

8. Дифференциалды оқыту түрі – материалдарды блок түрінде жеткізу және студенттерді микротоптарға бөліп, қабылдау ерекшеліктерін ескеру.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де студенттің белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйдің көтеріңкі болуы (конкуренция, аттракция) қамтамасыз етеді.

Қоғам дамуының басты-басты мәселелеріне көңіл аударып, педагогикалық ғылым алдында әдістемелік жаңа оқыту технологиясын жасауды қойып отыр.

Оқытудың әдістемелік жаңа технологиясының жалпы құрылымы қандай болуы керек? Әдістемелік технология дегеніміз – оқушыларды оқытудағы бағдарламалық талаптарды қамтамасыз етудегі мұғалімнің сабақ берудегі белгілі тәсілдерінің, амалдарының, әдістерінің жиыны. Оқытудағы жүйелілік, бірізділік, тиімділік сияқты бұрын айтылған талаптарды ескеру, олардың оқыту сапасын арттыру, пәнді толық меңгеру әдістемесін іске асыру секілді негізгі мақсаттарымен топтасуы белгілі жағдайларда әдістемелік технологияға әкеліп соғады.

Дидактикалық модуль – оқытудың жаңа технологиясының мазмұны. Берілген деңгейде таңдап алынған тарауды жете зерттеп, дайындық нәтижесі жоғары білім жүйесінің барлық белгілері мен қасиеттерін сақтап қалған дидактикалық модуль болып табылады. Дидактикалық модуль – нақтылы оқушылар тобында бір уақытта жүргізілген оқу процесінің жобалануы мен іске асырылуының педагогикалық ортасы. Ол – оқу процесін жасаушы, пән оқытушысының әдістемелік тәжірибесін, орындаушылық тәсілін, өзіне тән қабілетін айқындайды. Дидактикалық модуль оқу процесін жобалағанда оқу материалдарының мазмұны (оның көлемі мен күрделілік деңгейі) мен нақты мамандық студенттердің мүмкіндіктері мен ерекшеліктері арасындағы табиғи байланысты қамтамасыз етеді.

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология жағдайында оқытудың маңызы. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ЖАКТ) жағдайындағы оқыту процесі жеке тұлға теориясын сүйенеді, сондықтан кез-келген оқыту әрбір жеке тұлғаға бағытталған. Өйткені, әрбір жеке тұлға бірегейлі. Ол өзінің қоршаған ортаға деген жеке көзқарасымен және өзіндік моральдық талаптарымен, белсенділіктің әр түрлі сатысымен және сонымен қатар басқа да көптеген маңызды қасиеттерімен сипатталады.

ЖАКТ жағдайындағы жалпы оқыту процесінің функциялары ретінде оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау анықталады.



ЖАКТ жағдайындағы оқыту процесі – электронды оқулықтар мен интернет технологиясын кеңінен қолдана отырып білімді, іскерлікті және машықтықты меңгеретін күрделі процесс, ол оқушының ой-өрісін, жігерін, күш-қайратын қажет етеді және олардың дамуына жағдай жасайды.

ЖАКТ өз бетімен білім алу процесі дамуына нақты жағдай жасауда. Өйткені, электронды оқулықтар өзінің негізгі ерекшеліктері бойынша оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауына ықпал етеді. Бұл жағдайда оқытушы – тьютор, яғни кеңесші функциясын атқарады [3].

«Сыни тұрғысынан ойлау стратегиясы». Сабақтарда қолданылып жүрген «Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясына тоқталайық. Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз не? «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

1. шындалған ойлау, кез-келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;

2. күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға сыни көзбен қарау;

3. үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы бойынша сабақ құрылымы үш кезеңнен тұрады:

1. Қызығушылықты ояту кезеңінде әрекеттің танымдық түрлері орын алады. Бұл оқушыны өз білімін талдап, жаңа тақырып бойынша ойлауға белсендіреді. Соның ішінде ең бастысы, оқушы белсенді әрекеті арқылы өз білімін анықтайды, яғни бар біліміне жаңа білім қосады. Екінші мақсаты – оқушылардың өздерін белсендіру. Оқушылар тек тыңдаушы ғана емес, өз ойларын белсенді білдірушілер де. Сонда оқушылар өз білімдерін, ұғымдарын белсенді ойлау, жазу және оқу арқылы білдірулері қажет.

2. Мағынаны ажырату кезеңінде оқушының іс-әрекетінің барлық түрлері қамтылады. Яғни оның жаңа тақырыпқа көшуі, оны зерттеуі, жазуы, тәжірибе жасауы. Оқушы оқып отырып, жаңа ақпараттың өзіндік түсініктемесін кіріктіре алады. Қажет болса, мәтінді қайталап оқиды. Мәтінмен танысқанда алған ақпаратты айқындау, сұрақ қоюлары, түсініксіз жаңа ақпаратқа ескетпе жасаулары мүмкін.

3. Ой толғаныс кезеңінде оқушылар оқып білгендерін, үйренгендерін топтайды, белсенді түрде өз ұғымдарын жаңамен ұштастырып, қайта құрады. Нақты осы кезеңде оқушылар бар білімдерінің негізінде жаңа білімді дұрыс пайдалана алады. Дәл осы кезеңде

алған білімдері бекітіледі. Бұны іске асырудың маңызды сәттері бар. Ең негізгісі, оқушылар оқушылар өз ойлары мен ұғымдарын алған ақпараттары арқылы білдіреді [2].

Сабақта қолданылатын әдістер сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы бойынша стратегиялардың құрылымы, сабаққа дайындық, оқыту барысында қолданылатын, үй жұмысы ретінде берілетін стратегияларға бөлінеді. Солардың бірнешеуі: топтастыру – оқыту стратегиясы, бұл стратегия оқушыларды еркін және ашық ойлауға үйретеді. Ол ойлауды шыңдайтын идеяларды байланыстыратын бірнеше құрылымнан тұрады. Бұл стратегияның түсіндірмесі мынадай: кілтті сөзді ортаға жазу, ол тақырып болуы да мүмкін.

«Бес жолдық өлең» стратегиясы – ақпаратты жинақтау қабілеттілігі, аз ғана сөзбен күрделі ойын, сезімін, үмітін білдіру. «Бес жолдық өлең» тақырыпты ашу керек, сондықтан ол ақпараттың талданғанын және материалдың аз сөзбен көп ойды білдіретіндігін талап етеді. Бұл стратегия мынадай жолдарда тұрады: 1 жол – тақырыпты білдіретін бір сөз (зат есім), 2 жол – екі сөз тақырып мазмұнына байланысты (сын есім), 3 жол – үш сөз тақырып бойынша іс-әрекет (етістік), 4 жол – тақырыптағы сөзден тұрады, 5 жол – тақырыптың болмысын білдіретін синоним сөз.

#### Әдебиеттер:

1. Айтсалықова Қ.А. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Информатика негіздері, 2004, №3, С.19.
2. Сәлімгереева Ә.Р. Білім беру мазмұнының педагогикалық теориясы // Математика. Физика. Информатика, 2002, №11, 32б.
3. Мергенбаева М.С. Оқыту технологиясын жүзеге асырыудағы оқушылардың (студенттердің) педагогика-психологиялық ерекшеліктері // Педагогика, 2005, №2, 11-24б.